апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

18+

# ПРИЛОЖЕНИЕ

к газете Приозерский Вестник

№ 02/646 от 10 января 2020 года

издается с 26.06.2004 года

# ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЕСЕП БЕРУІ ҚАРСАҢЫНДА

***

# К ОТЧЕТУ АКИМА ГОРОДА

## ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР ЖҮЙЕСІНДЕГІ САЯСАТ



Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қоғамымыздың ішкі өмірінің көптеген мәселелерін қамтитын жергілікті атқарушы орган болып табылады. Бөлімнің жұмысы мемлекеттік саясатты және мемлекеттік басқарудың ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы қызметін жүзеге асыруға, ішкі саяси тұрақтылықты, этникааралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамдық институттар, жастар саясаты әріптестігін дамытуға, «Қазақстан-2030» Стратегиясын, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауын және өңіріміздегі өзге де мемлекеттік бағдарламаларды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға бағытталған.

Жыл басынан бері елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл - ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауын және мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты Жолдауын, сондай-ақ 2019 жылғы 27 ақпандағы «Бақуатты қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты» атты партияның 2030 жылға дейінгі бағдарламасын түсіндіру бойынша қалалық және облыстық ақпараттық топпен 40 кездесу және әр түрлі форматтағы 51 іс-шара өткізіліп, 4000-нан астам адам қамтылды.

Қалада саяси тұрақтылықты сақтау мақсатында діни бірлестіктермен байланыс, жастар ісі, үкіметтік емес ұйымдармен өзара байланыс жөніндегі, аналар, қоғамдық келісім кеңестері, сонымен қатар, әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясатты жүзеге асыру мен мемлекеттік рәміздер бойынша комиссиялары, ақпараттық-түсіндіру топтары жұмыс атқарады.

Жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын үйлестіру мақсатында, 2019 жылы мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс шеңберінде барлығы 9 іс-шара өтті, атап айтқанда:

- тұрғындар арасында деструктивті діни ағымдарының идеологиясына қарсы бағытталған ақпараттық-түсіндіру топтарының жұмысы; дәстүрлі емес діни ағымдарды ұстанушылармен атаулы, жеке жұмыстарды ұйымдастыру; «Мерейлі отбасы» қалалық байқауы; сыбайлас жемқорлықпен күресу және алдын алу бойынша «Адал жол» акциясы; тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған «Нарушим молчание «Остановим насилие» атты семинар, «Жастар толқынында» фестивалі, «Жас патриоттар мектебі» жобасы, Қала жастарының кәсіпкерлігін қолдау және дамытуға арналған Қала әкімінің гранты және «Латын әліпбиі – ел ертеңі» агитбригадалар конкурстары ұйымдастырылды.

Тіл саясаты бойынша қазақ тілін латын графикасына көшіру аясында қала деңгейінде ауқымды 50-ден астам түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Қазақ және ағылшын тілдерін оқыту курстары, сонымен қатар, есептік кезеңде ұлттық және мемлекеттік мерекелер қарсаңында қоғамдық-саяси маңызы бар 55 мәдени іс-шара өткізілді.

Дін саласындағы жұмыс діни экстремизм мен терроризм шараларын алдын алуға бағытталған 78 кездесу өткізіліп, 3 000-нан аса адам қамтылды.

Жастар жылы аясында, мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында 160-қа жуық түрлі іс-шаралар өткізілді, оның ішінде ауқымды іс-шараларға: «Жастар жылы» форумы, «Ауған ардагерлері мәңгі есте» мерекелік кеші, Қысқы балық аулау турнирі, «Айбын – 2019» қалалық әскери-патриоттық жастар жиыны», «Батырларға тағзым» акциясы, ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне арналған мерекелік іс-шара мен автовелошеру акциясы, «Діниңді сақта, салтыңды сатпа» семинар-тренингі, «Ардағым-Ардагерім» акцияларымен қатар, жастардың бос уақытын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Saryarqa Jastary», «Priozersk Marathon-2019» форумы, футболдан қалалық лига, облыстық «Жайдарман» ойындары, «Жастар толқынында» фестивалі, «Бауырсақ Party», «Домбыра», «Қымыз Party» акциялары, қошқар көтеру байқауы және т.б. іс-шараларды жатқызуға болады.

Елбасы бастамасымен 2005 жылы құрылған «Жасыл ел» акциясы аясында жастарды жұмыспен қамту іс-шаралары ұйымдастырылып, маусым-тамыз айларында 60 жас жағалау және қала көшелеріне тазарту жұмыстарын жүргізді. «Еңбек» жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы және «Жасыл Ел» бағдарламасы бойынша 2019 жылы 553 адам жұмыспен қамтылды.

Рухани құндылықтарды жаңғырту, ұлттық бірегейлікті сақтау және Мемлекет басшысы жариялаған «Рухани Жаңғыру» бағдарламалық мақаласы шеңберінде халықты біріктіру үшін 34 іс-шара жүзеге асырылып, әр түрлі санаттағы 10,5 мыңнан астам адам қамтылды. 2019 жылы іске асырылған маңызды жобаларға - қалалық кітапханада орналасқан «Білім орталығының», жастарға арналған заманауи технологиялармен және жиһазбен жабдықталған «Coworking-орталығының», №3 Ресей мектебінің жанындағы «Отчизна Story» халықаралық балалар клубының және «Жас жұбайлар» скверінің ашылуын жатқызуға болады.

Биыл Конституциямыздың және Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын, Абайдың 175 жылдығын, Алтын Орданың 750 және Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойларын атап өтуге дайындық жұмыстары басталды. 2020 жылды мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Еріктілер жылы» деп жариялады. Бұл игі істердің бастауы болмақ. Мұндай шаралар қоғам-дағы тұрақтылық пен татулықты нығайту үшін аса қажет. Алдағы жоспарлардың іске асуы қала тұрғындарына жағымды жаңалық пен қуанышты сәттер сыйлайтынына сенеміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Г.Қ. Шәрбекова,**
***«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы***

## СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА УЯЗВИМЫХ СЛОЕВ НАСЕЛЕНИЯ



**Важным звеном социальной защиты населения является трудоустройство.**

В течение года 1057 человека трудоустроены:

-на социальные рабочие места – 43 человека;

-на молодежную практику – 42 выпускников;

-на общественные работы – 342 человек;

-на постоянные рабочие места – 630 человек.




Различные пособия, установленные законодательством, в городе получают 1 010 пенсионеров; 257 инвалидов (в т.ч. 36 ребенка); 13 тружеников тыла и ряд других категорий социально-защищаемых слоев населения.

В рамках оказания государственной поддержки выплачены:

-адресная социальная помощь 188 семьям.

Общий охват составил 188 семей (909 человек) на сумму 98352,6 тыс.тенге.

Отдельным категориям граждан по решению местных представительных органов оказываются различные виды помощи из средств местного бюджета - 1223 лицам на сумму 11 690,0 тыс.тенге, в 2020 году на эти цели выделено 16 746,0 тыс. тенге.

Всего на учете состоит 257 инвалидов , из них 36 детей.

Количество инвалидов увеличилось в сравнении с аналогичным периодом прошлого года на 27 человек.

Проводится работа и по обеспечению инвалидов техническими вспомогательными средствами реабилитации в соответствии с индивидуальной программой реабилитации (*ИПР*). За получением специальных средств передвижения обратилось 4 инвалидов, 9 - для получения протезно-ортопедических средств, 41 - за получением сурдо-тифло- гигиеническими средствами, 6 инвалидов 1 группы –за услугами индивидуального помощника.

В соответствии с распределением санаторно-курортных путевок областным управ-лением согласно ИПР в медико-социальное учреждение отправлены 3 пенсионера, на санаторно-курортное лечение 12 инвалидов.

По 1-му направлению Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» на краткосрочные курсы направлено 63 человека, в том числе по специальностям: «парикмахер» - 17 чел., «электрогазосварщик» - 9 чел., «делопроизводитель» -16 чел., «маникюр-педикюр» - 6 чел., и по специальности «повар» - 15 чел.

По 2-му направлению Программы 8 ИП получили микрокредиты по сниженной 6 %-й ставке в размере 34,3 млн.тенге: в сфере сельского хозяйства – 1 проектов на сумму 2,9 млн. тенге; в сфере услуг – 5 проекта на сумму 28,9 млн. тенге; в сфере прочих услуг – 1 проектов на сумму 2,5 млн. тенге.

В рамках программы выделено 25 грантов из РБ (11 363,0 тыс.тенге.), 5 грантов для действующих предпринимателей по 100 МРП и 20 грантов для молодежи по 200 МРП.

Также из НФ выделены 25 грантов на общую сумму – 12 625,0 тс.тг.

За 12 мес. 2019г. выданы:

-для трудоспособных инвалидов III-ей группы, факт – 4, при плане 5;

-для многодетных семей, факт – 5, при плане 5;

-для малообеспеченных семей, факт – 4, при плане 5;

-для молодежи, факт – 14, при плане 10.

В рамках года молодежи неосвоенные 4 гранта из НФ перераспределены на выплату для категории молодежь.

***Справочно: Перераспределено дополнительно 6 грантов по 100 МРП на сумму 1 515,0 тыс.тенге.***

По привлечению молодежи к предпринимательству, предоставление государственных грантов на реализацию новых бизнес-идей на безвозмездной и безвозвратной основе, наиболее эффективных форм поддержки молодежного предпринимательства были направлены и завершили 31 человек через Палату предпринимателей «Атамекен» в рамках проекта «Жас кәсіпкер». Из 31 участников 14 человек получили государственные гранты.

**С. Бейскеев,**
***Руководитель ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»***

# ОТЧЕТ ОТДЕЛА ЭКОНОМИКИ И ФИНАНСОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ ЗА 2019 ГОД



**Отдел экономики и финансов ежемесячно проводит мониторинг социально-экономического развития города. Итоги СЭР города ежеквартально рассматриваются на заседаниях акимата, по результатам которых даются соответствующие поручения на очередной плановый период.**

Так, объем производства промышленной продукции за 2019 г. составил 7 376,5 млн.тенге. или 99,2 % к плану (7 434,5 млн.тенге) и 101,0 % к 2018 г. (2018 г. – 7 299,7 млн.тенге). ИФО – 99 %.

Объем инвестиций в основной капитал за 2019 г. – 739,9 млн.тенге или 53,1 % к плану (1 394 млн. тенге) и 59,3 % к анало-гичному периоду 2018 г. (1 247,8 млн. тенге). ИФО – 57,9 %.

В том числе частные инвестиции – 262,7 млн.тенге (2018 г. – 169,4 млн.тенге). ИФО – 151 %.

Количество действующих субъектов МСП составило 712 единицы или 107,6 % к 2018 г. (662 ед.).

Собственные поступления в доходную часть за 2019 г. составили 300,6 млн. тенге или 114,9 % к плану (261,4 млн.тенге).

Введено 3,9 тыс. кв. метров жилья.

Численность безработных составила 26 человек (2018г. – 75 чел.).

Трудоустроено 1 057 человек или 114,3% к аналогичному периоду 2018 г. (2018 г. – 924 чел.).

Приняли участие в общественных работах 342 человек или 108,5 % к 2018 г. (2018 г. – 315 чел.).

На краткосрочные курсы (переподготовку) направлены 63 чел. или 116,7% к годовому плану.

Количество преступлений снизилось на 10,5 %.

В 2019 году государственная адресная социальная помощь предоставлена 188 малообеспеченным семьям из 909 человек, что на 166,6 % выше по сравнению с 2018 годом (2018 г. – 341 чел.).

Основное направление, преобладающее в развитии сельского хозяйства города - животноводство, которое в объеме выпуска валовой продукции сельского хозяйства составил 193,5 млн. тенге или 118,9 % к плану (162,7 млн. тенге) и 126,9 % к 2019 г. (193,5 млн. тенге). ИФО – 105,7 %.

Увеличилось производство мяса всех видов скота и птицы на 6,4 %, производство молока 3,7 %.

Увеличилось поголовье крупно рогатого скота на 10,5 %, поголовье свиней на 159,1 % и коз на 10,8 %, лошадей на 5,1 %.

Снизилось поголовье овец на 4,7 %, птиц на 8,0 %.

Ежемесячно на заседаниях Штаба по сдерживанию инфляционных процессов при акимате города рассматривается работа отраслевых отделов по сдерживанию роста цен на социально-значимые продукты питания, непродовольственные товары, платные услуги, горюче-смазочные материалы, на транспортные услуги, услуги связи и коммунальные услуги.

Заключены меморандумы о не превышении наценки на основные продукты питания с владельцами 35-и продовольственных торговых точек.

С целью снижения цен на социально-значимые продукты питания в городе действует 4 социальных магазина. Еженедельно по субботам с 17 марта (38 раз) проводились с/х ярмарки, в которых принимали участие сельхозтоваропроизводители Актогайского района (с/о Торангылык, Гульшат), поставщики городов Балхаш, Тараз, Чу, а также местные предприниматели по сниженным ценам. На сегодняшний день в 9-ти наиболее посещаемых объектах торговли организованы социальные полки.

В целях развития сферы туризма и привлечения инвесторов проведен ежегодный региональный форум по развитию туризма в формате инфо-тура с охватом городов Балхаш, Приозерск и Актогайского района. На данном мероприятии приняли участие представители акимата Карагандинской области, АО «Қазақтуризм», АО «Казахинвест», АО «Фонд развития предпринимательства «Даму», до 80 представителей турагенств РК и РФ.

Бюджет города Приозерск на 2019 год утвержден решением Приозерского городского маслихата от 26 декабря 2018 года №26/247 «О городском бюджете на 2019-2021 годы». В 2019 году было проведено 4 уточнения бюджета, 10 корректировок, по результатам которых параметры бюджета пересмотрены с сохранением основных приоритетов.

Доходная часть бюджета исполнена в сумме 3 128 461,2 тыс.тенге или 101,3 % при скорректированном бюджете 3 089 200 тыс.тенге.

Основные параметры доходов выполнены за счет трансфертов 90,3% (2 827 849 тыс.тенге) и собственных доходов города 9,6% (300 612,2 тыс. тенге).

Исполнение поступлений доходной части бюджета (три категории) по собственным доходам составила 300 612,2 тыс.тенге при плане 261 351 тыс. тенге или 115,0 % к плану в том числе:

-налоговые поступления – 239 933 тыс. тенге или 113,8 % к плану (210 798 т.т.);

-неналоговые поступления – 32 152 тыс. тенге или 112,8 % к плану (28 498 т.т.);

-поступления от продажи основного капитала – 28 527 тыс. тенге или 129,3 % к плану (22 055 т.т.).

В 2019 году затраты бюджета исполнялись 12 администраторами города по 85 бюджетных программ. Затраты городского бюджета исполнены на 99,5 % или на 3 125 451,7 тыс. тенге против скорректированного плана 3 141 590 тыс. тенге.

ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» координирует работу АБП в сфере государственных закупок. Организует семинары по изучению законодательства о государственных закупках. В полномочия отдела входит проведение еженедельных мониторингов государственных закупок товаров, работ и услуг способом конкурса и аукциона и местного содержания государственных закупок по 4-м группам товаров: легкой, мебельной, пищевой промышленности и стройматериалов. Информация представляется в Управление государственных закупок Карагандинской области.

Ежемесячно формируется информа-ция по всем заключенным договорам государственных закупок товаров, работ и услуг.

В сентябре 2019 года проведен круглый стол с бухгалтерами администраторов бюджетных программ по разъяснению основных положений Послания Президента страны народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана».

В рамках работы по управлению коммунальной собственностью для осуществления прописки жильцов паспортизированы 806 квартир. Изготовлены землеустроительные проекты и технические паспорта на основные дороги города. Проведена паспортизация части инженерных сетей (тепло, вода, канализация, электроснабжение, линии связи), многоэтажных жилых домов.

Работа отдела в 2019 году проводилась в соответствии с планом мероприятий по противодействию коррупции. Сотрудники отдела принимали участие в работе тематических круглых столов и семинаров. В рамках правового всеобуча проведены лекции о Законе Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V ЗРК «О противодействии коррупции».

Коллектив отдела экономики и финансов принимал активное участие в общественной жизни города. Так, в период весеннего двухмесячника, осеннего месячника, эко-челленджа по субботам и четвергам весь коллектив участвовал в санитарной очистке территории по ул.Балхашская, Дорохова, Космонавтов, в районе полигона ТБО, пляжной зоны «золотого пляжа», зеленой зоны гарнизонного дома офицеров. 3 октября государственные органы административного здания по улице Балхашская вышли на осеннюю посадку саженцев.

8 мая сотрудники отдела вышли с портретами своих родственников, имеющих отношение к ВОВ, на акцию «Бессмертный полк».

Коллектив отдела принял участие в благотворительной акции «Дорога в школу», которая стартовала 1 июля 2019 года. С пожеланиями удачи в учебе и благополучия семьям, мы приобрели спортивную и школьную формы 2-м ученикам 7-х классов средней школы № 1.

Приняли участие в фестивале баурсаков на ноябрьской ярмарке «Ауыл Береке», угощая блюдом национальной кухни гостей ярмарки.

Молодежь отдела принимала активное участие в различных культурно-массовых мероприятиях: областном молодежном форуме «Saryarqa Jastary», тематическом марафоне «PRIOZERSK MARATHON-2019»; авто- и велопробеге, посвященном Дню государственных символов РК.

Не остаются сотрудники отдела в стороне и от спортивной жизни города. Так, 1 июня 2019 года на стадионе и в спортивных залах школы № 1 прошла спартакиада среди государственных служащих южных регионов Карагандинской области. В спартакиаде приняли участие города Приозерск, Балхаш, районы Актогайский и Шетский. Для гостей города коллеги организовали танцевальный флэшмоб. Государственные служащие соревновались по видам спорта: футбол, волейбол, легкая атлетика, настоль-ный теннис, шахматы. Первое обще-командное место занял город Приозерск.

26 апреля коллектив отдела экономики и финансов посетили музей средней школы № 2 г. Приозерск. Экспозиция музея отражает историю образования школы, достижения города, военно-исторические события Второй мировой войны.

Работа отдела в 2020 году будет направлена на выполнение задач, поставленных перед госорганами в Послании Главы государства, государственных программах, поручениях вышестоящего руководства страны, области, города.

**Н. Струментова,**
***Руководитель ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск»***

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ



**Жаңа оқу жылында қала мектептерінде шамамен 1900-ден астам оқушы білім алады. Оның ішінде 1 сыныпта және дайындық сыныптарында 200-ден астам бала білім алып, тәрбиеленуде.**

2019 жылғы 1 маусымнан бастап 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау автоматтандырылған жүйемен қабылданды. Ата-аналар **bilimal.kz** порталы арқылы құжаттарды электронды түрде тапсырды.

Жыл сайын білім беру ұйымдарының ғимараттары жаңартылып, жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Биылғы жылы да жергілікті бюджеттен бөлінген 32 127,0 мың теңге қаражатқа ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар материалдық-техникалық базасы жаңартылып отырады. Жалпы орта білім беретін мектептерге 2 интерактивті панель, 30 компьютер, проекторлар, бейнебақылаулар сатып алынды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына компьютер, спорттық инвентарь, робототехника, оқулықтар, ойыншықтар, бейнебақылаулар, «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығына бассейнге арналға резеңке, ауақұрғатқыш, спорттық инвентарь сатып алынды.

Жаңа оқу жылында мектептерге оқулықтарды сатып алу үшін жергілікті бюджеттен жалпы 36,0 млн. теңге бөлініп, мектеп оқушылары оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Жыл сайын өткізілетін «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жыл бойы жүргізіледі. Тамыз айында жергілікті мекемелер мен кәсіпкерлер мектеп формасына, спорт-тық киім, аяқ киім, оқу құралдарына мұқтаж аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан балаларға көмектер көрсетті.

Жалпы оқумен қамту қоры есебінен аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан балаларға мектеп формасы берілді. Аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға қаржылай көмек көрсетілді. Қала әкімінің шыршасына қатысқан барлық балаларға тәтті сыйлықтар, коньки сыйға тартылды.

Жаңа оқу жылынан бастап көп балалы және аз қамтылған отбасының балалары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

Білім саласының бір көрсеткіші кадрмен қамтамасыз ету. Кадр тапшылығы №2 орта мектепте орын алған: орыс тілінде оқытылатын сыныптарға информатика мұғалімі, бастауыш сынып мұғалімі, ұлдарға технология пәнінің мұғалімі. Жас мамандардың келуіне байланысты білім бөлімінің балансында педагог қызметкерлерге арналған 3 пәтер қарастырылған.

Қаладағы барлық білім беру ұйымдары Интернет желісіне қосылған. Мектептерде оқу барысында барлығы 415 компьютер жұмыс істейді. 70 компьютер ауыстыруды қажет етеді.

Қыркүйек айынан бастап балалардың қосымша білім алуы үшін «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында 22 үйірмелер мен спорттық секциялары өз жұмысын бастады.

Жаз мезгілінде балалардың демалысын ұйымдастыру мақсатында балаларға мектеп жанындағы лагерлер ұйымдастырылды. 60 мектеп оқушысы қала сыртындағы «Березняки» лагерінде демалып қайтты. Балқаш қаласындағы балалар-сауықтыру лагерінің шақырылуымен 50 бала лагерге жолданды.

Жаз мезгілінде V республикалық әскери-патриоттық «Айбын» жиынында қаламыздың «Айбын» әскери-патриоттық клубының мүшелері «Сағадат» және «Жас зеңбірекші» командалары қатысты. «Сағадат» командасы республика бойынша 2 орынға ие болды.

**Г. Қасымова**
***«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ басшысы***

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ, АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІНІҢ 2019 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

**2019-2020 ж.ж. жылу беру маусымына дайындыққа барлық қаржыландыру көздерінен 1 100 640 мың. теңге бөлініп, игерілді.**

| № | Іс-шара | Қаржыландыру көзі | Бөлінген сомма (мың. тенге) |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазандықты жөндеу | ОБ | 113 300,0 |
| 2 | №1 қазандыққа химиялық реагенттер сатып алу | ЖБ | 22 020,0 |
| 3 | Қара май сатып алу | ОБ | 835 590 |
| 4 | Сорғы сатып алу | ЖБ | 4 006 |
| 5 | Су желілерін жөндеу | Тариф «КТҮҚҚБ» КМК | 5 800 |

| № | Іс-шара | Қаржыландыру көзі | Бөлінген сомма (мың. тенге) |
|---|---|---|---|
| 6 | №2 су қоймасына мембрана сатып алу | ЖБ | 59 660 |
| 7 | Жылу желілерін жөдеу | ОБ | 15 706 |
| | | ЖБ | 7 118 |
| 8 | АО «ЖРЭК» | АО «ЖРЭК» | 28 740 |
| 9 | Денсаулықты сақтау мекемесі | ОБ | 8 700 |
| **Итого:** | | | **1 100 640** |



**№1 Қазандық**

Жылу беру маусымына дайындық аясында № 1 қазандықта келесідей жөндеу жұмыстары (113 ,3 млн. теңге) жүргізілді:

- №1, №4 қазандықтарды жөндеу;

-автоматтандыру жүйесін жөндеу (БӨАжА);

-түтін сорғыштарды, құбырларды ағымдағы жөндеу және жылу оқшаулағыш;

-жылу алмастырғышты жөндеу.

Қосымша қалалық бюджет қаражаты есебінен 5 бірлік насостар (3 598 т.); қазандыққа арналған 2 бірлік электр қозғалтқыштар (374 т.); жылу желілеріне арналған 20 бірлік ысырмалар (3 015 т.) сатып алынды.

**Жылу желілері**

2019-2020 ж.ж. жылыту маусымына дайындық кезеңінде жалпы ұзындығы **1 301 м** әртүрлі диаметрлі жылу құбырлары ауыстырылды, оның ішінде:

1)ОБ бюджет есебінен ұзындығы 280 м, d-325 мм (15 706,0 мың теңге) жылу трассасы ауыстырылды. Мердігер - "ВЕГА МАКС ПЛЮС" ЖШС Астана қаласы;

2)ЖБ есебінен оқшаулау бар орамішілік жылу желілерін ауыстыру:

- 266 м d 57 мм Ағыбай батыр көшесі, 17. Мердігер - "Бесапап-П" ЖШС (1 148 мың теңге);

-240 м d 89 мм Женис гүлзары, 38А. Мердігер - Жанбыршиева ЖК (1 297 мың теңге).

-129 м d 57 мм Панфилов к-сі, 7/1. Мердігер - Жанбыршиева ЖК (650 мың теңге).

- 36 м d 89 мм Балқаш к-сі, 2. Мердігер - Жанбыршиева ЖК (1 098 мың теңге).

-240 м d 89 мм "РОССИЯ"СҮ. Мердігер - Жанбыршиева ЖК (1 445мың теңге).

-10 м d 325 мм гребенка. Мердігер - "QAZAQ IMPEX" ЖШС» (1 480 мың теңге).

***Анықтама: Жылу желілерінің ұзындығы - 36,4 км (магистральдар № 1, 2, 3, 4).***

**Сумен жабдықтау және кәріз желісі**

ЖБ есебінен кәріз желілерін тазалауға арналған машинка (919 мың теңге); КПМ үшін сорғы (1 050 мың теңге); қалалық № 2 су жинағыштың көтергішіне арналған сорғы (2 095 мың теңге); сондай-ақ 47 бірлік мембраналар (59 660 мың теңге); су құбыры желілеріне арналған 12 бірлік ысырмалар (1 127 мың теңге) сатып алынды.

Космонавтов көшесі, 3/2 (2 000 мың теңге) тұрғын үйдің канализациялық желілеріне жөндеу жүргізілді.

40 бір. кәріз люктері орнатылды (483 мың теңге).

**Көпқабатты тұрғын үйлер**

Жеңіс бульвары № 38 тұрғын үйге (балкондарды жылуоқшаулау және су құбырларын ауыстыру) 6494 мың теңге сомаға ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Сондай - ақ, Қошқарбаев көшесі №7/2 (3 995 мың теңге) тұрғын үйдің қатты шатырын жөндеу және Жеңіс гулзары №30 тұрғын үйдің қасбетін жылыту жұмыстары жүргізілді (708 мың теңге).

Б.Момышұлы көшесі, №3 (599 мың теңге.) тұрғын үйге техникалық тексеру жүргізілді; Жеңіс даңғылы, 38А (4 368 мың теңге) бойынша есепке алынбаған тұрғын



үйдің көлемін жылыту, коммуналдық меншіктегі 4 пәтерді ағымдағы жөндеу жүргізілді, оларды кезектілікке сәйкес одан әрі бөлу үшін (5 669 мың теңге).

**Санитарлық тазалау және көгалдандыру**

Қала әкімінің 2017 жылғы 29 наурыздағыы № 20Ө, өкіміне сәйкес сәуір айының 8 мен маусым айының 8 аралығында, қала бойынша санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру бойынша 2 айлығы жарияланған болатын.

Екі айлық барысында біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ 250 дана ағаш отырғызу, 70 Га жерді тазалау, ағаштарды әктеу және қураған ағаш бұтақтарын кесу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың 10 қыркүйегіндегі қала әкімінің №37Ө өкіміне сәйкес, күзгі бір айлық жарияланды.

Күзгі бір айлық барысында 52 мекемеден 3900 адам сенбілікке тартылып, 12 арнайы техника жұмылдырылды.

Сенбілік барысында 70 га аумақ тазаланып, 2 жерде рұқсат етілмеген қоқыс тастау орындары тазартылды. Қаланың жасыл желегін жақсарту мақсатында, 100 дана ағаш көшеті отырғызылып, қураған ағаштар мен бұтақтарды кесу жұмыстары жүргізілді.

**Көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын және «Тұңғыш авиаторлар» ескерткішін абаттандыру**



Қаладағы 8 көпқабатты тұрғын үйлердің аула аумағы абаттандырылды (Абай к-сі, 25/2; Достық к-сі, 21; Космонавтов к-сі, ½; Балхашская к-сі, 2/2; Кисунько к-сі, 13/2, 13/3, 15/2 және 15/3). Бөлінген сома-53 003 мың теңге. Мердігер ұйым – "Kaznetservice" ЖШС.

Аула аумақтарын абаттандыру кезінде келесі жұмыстар жүргізілді:

1) асфальт төсеу;

2) бордюр орнату;

3) урналар мен орындықтарды орнату;

4)балалар алаңдарын орнату (Абай көшесі, 25/2 және Достық көшесі, 21).

Сонымен қатар, қалалық бюджет есебінен "бірінші-Авиаторларға" ескерткішін абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыс аясында төменде көрсетілген жұмыс түрлері жүргізілді:

1) жолды асфальттау және көлік қою;

2) бордюр орнату;

3) урналар мен орындықтарды орнату;

4) брусчатка құрылғысы;

5) контейнер алаңын жайластыру;

6)Жарықдиодты шамдары бар жарықтандыру тіректерін орнату;

7) бейнебақылау камераларын орнату.

**Дератизация және ағаштарды химиялық өңдеу**

Қала көшелерін, көл жағалауын және тұрғын үйлердің жертөлелерін зиянды жәндіктерден арылту мақсатында, дератизациялау және десинсекциялау жұмыстары атқарылды. Бөлінген сомма – 590 мың теңге. Дәріленген аумақ Балқаш көлінің жағасы -10 Га және тұрғын үйлердің жертөлесі 78 000 м2 құрайды.

Сонымен қатар қаладағы жасыл желекті сақтау мақсатында, ағаштарды химиялық өңдеуден өткізу мақсатында жергілікті бюджеттен – 2464 мың теңге бөлінді.

Химиялық өңдеу жасалған аумақ – 50 Га құрайды.

**Тротуарларды жайластыру**




Төрт жерде тротуарды жайластыру жұмыстары жүргізілді:

- Абай көшесі;

- Достық көшесі (Б. Момышұлы көшесінен Таңшолпан көшесін дейін);

-Кисунько көшесінің қиылысында (Кисунько көшесінен Космонавтов көшесі №5 үйге дейін);

-Балқаш көшесі ("Ресей" қонақ үйі ғимаратының алдында»).

**Автомобиль жолдары**

Облыстық бюджет қаражаты есебінен Балқаш көшесінің автомобиль жолына орта жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бөлінген сома-20 120 мың теңге.

Асфальттың көлемі - 2 600 м2, ұзындығы-0,3 км.

**Қоғамдық тәртіп және жол қозғалысының қауіпсіздігі**

Жол қозғалысы қауіпсіздігін күшейту мақсатында автомбиль жолдары мен жаяу жүргіншілер өткелдерінің жүру бөліктеріне жолақтар сызылды. Осы жұмысқа жергілікті бюджеттен 3 002 мың теңге бөлінді.

Жылдың жазғы және қысқы уақытында автомбиль жолдарын күтіп ұстауға 2 678 мың теңге бөлінді.

2019 жылы 25 жол белгісі орнатылды. Бөлінген сома-534 мың теңге.

Тұрғындарды антитеррористік қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында қалалық алаңда ИДН-500 маркалы жасанды жол кедір-бұдырлары орнатылған, ұзындығы 49 метр. Бөлінген сома-1188 мың теңге.

Ағымдағы жылы қалалық бюджет қаражаты есебінен 1 949 мың теңге сомаға қоғамдық орындарда бейнебақылау камераларының желісін кеңейту үшін серверді сатып алу және орнату жүргізілді.

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік



шеңберінде қаланың неғұрлым криминогендік жерлерінде қала полициясы бөлімінің ұсынысы бойынша, "В-Тел"ЖШС интернет провайдерінің оператор – қаражаты есебінен 19 бейне бақылау камерасы орнатылды.

**Тұрғын үй мәселесі бойынша**

Бүгінгі күнге Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж адамдар тізімінде Қазақстан Республикасының 408 азаматы тұрады.

2018 жылында Приозерск қаласының әкімдігі жанындағы тұрғын үй комиссиясы 27 отырысын өткізді.

Комиссиямен мемлекеттік тұрғын үй қорынан иеленетін тұрғын үйге меншік құқығының иесі сатып алу туралы жекешелендіру тәртібіне 83 өтініш қарады.

Он екі ай ішінде жалға алу шартты қайта рәсімдеу бойынша, барлығы 56 өтініш қарастырылды.

2019 жылы мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждарға коммуналдық тұрғын үй қорынан басқада мекен жайдан пәтерлер бөлінді, соның ішінде:

-3 жетім балаларға;

-21 халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына;

-10 мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар қызметкерлеріне;

-4 жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтар;

-13 көпбалалы аналар.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы мемлекеттік көрсетілетін қызмет саны:

**Барлығы ұсынылған: 115 қызмет. Олардың ішінде: қанағаттандырылды – 98. Бас тартылды – 17.**

**Т. Айдарханов,**

***«Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы***

# «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2019 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ



**Ветеринариялық профилактикалық іс-шаралар:**

2019 жылы 011 бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге **3 193 мың теңге** бөлінді, оның ішінде ауыл шаруашылық жануарларының ауруларына қарсы және профилактикалық диагностикалық іс-шараларды жүргізуге **3 005 мың теңге,** ветеринарлық препараттарды сақтауға **188 мың теңге**.

Қарағанды облысының 2019 жылғы ветеринарлық-профилактикалық және диагностикалық іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып, Приозерск қаласының 2019 жылға жылдық іс-шаралар жоспары бекітілді. Ветеринарлық-профилактикалық іс-шаралардың орындалысы бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді.

Жылдық жоспар бойынша барлығы диагностикалық іс-шараларды тексеруге барлығы **2 986 қан пробасы** тексеріліп, орындалысы 100%. Профилактикалық іс-шаралар бойынша барлығы **5 060 бас егіліп,** орындалысы 100%.

**Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру:**

2019 жылы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге жергілікті бюджеттен **1 030,5 мың теңге бөлінді**, АШЖБ дерекқор интернет жүйесін қостауға **89,3 мың теңге** Приозерск қаласы аумағында 2019 жылғы бекітілген жылдық жоспар бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруге, (сырғалау, таңбалау) тәсілдеріне барлығы **1182 бас** жоспарланған, бірдейлендіруден өткені **1 314 бас**, немесе 111,2 %. Бірдейлендірілген мал басы толығымен дерекқор базасына енгізіліп, веб порталға салынды. 2019 жылға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстары толыққанды жүргізіліп аяқталды.

**Мал қорымы:**

Қала аумағында типтік мал қорымы бар. 2019 жылы мал қорымын күтіп ұстауға **770 мың теңге** бөлініп, игерілгені 100%. Мал қорымы ветеринарлық санитарлық талаптарға сай. Приозерск қаласы аумағында сібір жарасы көмінділері жоқ.

**Мал сою алаңы:**

Приозерск қаласы аумағында жеке меншікті 1 мал сою алаңы бар ЖК Есбенбетов О.А. тиесіл. Мал сою алаңдарында мал сою ақылы түрде жүргізіледі. Қызмет көрсету бағасы (прейскурант) бекітіліп, қызметтердің орташа бағасы: Түйе 7000 теңге; жылқы - 5000 теңге,ІҚМ - 4000 теңге, шошқаға - 2000 теңге, ұсақ мүйізді мал - 1000 теңгені құрайды. 2019 жылы барлығы 156 бас сойылды, оның ішінде: ірі қара мал - 101 бас, ұсақ мүйізді мал – 55 бас.

**Ветеринарлық анықтама беру және EASU бағдарламасына мәліметтерді енгізу туралы:**

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 21 сәуір № 7-1/453 Бұйрығымен бекітілген ветеринариялық құжаттарды беру Қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарына сәйкес, 2019 жылғы барлығы **131 дана** ветеринарлық анықтама берілді. **№1 нысан** бойынша 24 дана анықтама; **№2 нысан** бойынша - 107 дана анықтама берілді, оның ішінде ет өнімдеріне 100, сүт өнімдеріне - 5, жұмыртқа -1, балық өніміне - 1 дана**.** Берілген ветеринарлық анықтамалар уақтылы EASU жүйесіне енгізілді.

**Қаңғыбас иттермен мысықтарды жою:**

2019 жылы қаңғыбас иттермен мысықтарды жоюға жергілікті бюджеттен **1 863 мың теңге** бөлініп, игерілгені **100** %. 2019 жылы барлығы **400 бас** жойылды, оның ішінде мысық – **79 бас, ит – 321 бас** жойылған жануарлар мал қорымына жеткізілді**.**

**Ветеринария саласы бойынша ағарту жұмыстары:**

2019 жылы жартыарал тұрғындарымен Ветеринария саласының сұрақтары бойынша барлығы 12 рет жиналыс өткізілді. Жергілікті «Приозерский вестник» газеті арқылы барлығы 3 мақала оның ішінде: аса қауіпті инфекциялық аурулар туралы 2 мақала, ветеринария саласы бойынша қолданыстағы ережелер туралы 1 мақала жарияланды.

**Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау:**

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» Заңың орындау мақсатында, 2019 жылы бөлімге барлығы жеке және заңға тұлғалардан келіп түскен өтініштер саны-3, өтініштер заңға сәйкес қарастырылып, уақытылы сапалы қанағаттанарлық жауап қайтарылды. Ағымдағы жылы жеке және заңды тұлғалардан шағымдар түскен жоқ.

**Иесіз жүрген жануарлар туралы**

2019 жылы қала аумағында иесіз жүрген ауыл шаруашылығы жануарларына шара қолдану мақсатында бөлім мамандарымен және КМК Приозерск қалалық ветеринариялық станциясы қызметкерлерімен бірлесе отырып, иесіз жүрген жануарларды анықтау бойынша рейдтер жкргізіліп, нәтижесінде құлақ жапсырмаларымен анықталып, акті толтырылып, жыл басынан 20 факті анықталып, құжаттар ішкі істер бөліміне жіберілді. Нәтижесінде әкімшілік жауапкершілікке барлығы 14 жеке тұлғаға ескерту беріліп, 6 жеке тұлғаға 257 мың теңге көлемінде айыппұл салынды.

**Мемелекеттік сатып алу:**

2019 жылы мемлекеттік сатып алу көздері бойынша, Пушкина 9/1 «Приозерск қалалық ветеринариялық станциясы» КМК-ны ғимаратына жергілікті бюджеттен 2 760,1 мын.теңге бөлініп, ғимараттың аумағы абаттандырылып, төсегіш тастар қойылды, ішкі жылу жүйесінде радиоторлар, задвижки және винтилдер ауыстырылып толығымен жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар бөлмелерге пластиковый перегородкалар және темір есіктер орнатылды.

**Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 7-1/418 бұйрығымен бекітілген ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарына сәйкес, қызметтердің 4 түрі көрсетіледі, оның ішінде қызметтің 2 түрі ветеринария бөлімі арқылы, 2 түрі жергілікті атқарушы орган құрған «Приозерск қалалық ветеринариялық станция» шжқ КМК-ны көрсетеді.

2019 жылы барлығы **1447 <u>мемлекеттік қызметтер көрсетілген</u>**: оның ішінде : ветеринария бөлімі **арқылы барлығы 2 қызмет;**

«Жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды),сақтауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру» стандарты бойынша **- 1 мемлекеттік қызмет;**

«Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық – санитариялық қорытынды беру стандарты бойынша **1 мемлекеттік қызмет** .

«Приозерск қалалық ветеринариялық станция» шжқ КМК-ын арқылы қызметтердің 2 түрі бойынша **1 445** мемлекетік қызмет көрсетілген, оның ішінде:

-«Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша **131 қызмет**;

-«Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша **1 314 қызмет**.

Көрсетілген қызметтер бойынша апталық, айлық, тоқсандық ақпараттармен есептер тиісті органдарға ұсынылып отырылды.

**Ж. Касымбаева,**
***«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ басшысы***

# «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2019 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ



2019 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі - 7 376,542 млн.теңгені немесе 2018 жылға 101,1% құрады *(7 299,7 млн. тг)*. 2019 жылы физикалық индекстің нақты көлемі 99 % құрады.

Өнеркәсіп өнімін өндіру динамикасының төмендеуінің себебі 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Елбасы тапсырмасына сәйкес «КТҮҚКБ» КМК жылу энергиясы мен ауыз су тарифтерінің төмендету болып табылады.



**Инвестициялар**

Негізгі капиталға инвестиция көлемі 2019 жылы - 739,9 млн. теңге немесе жоспарға 53,1% және 2018 жылға 59,3% *(1 247,8 млн.теңге)* құрады. 2019 жылы физикалық индекстің нақты көлемі - 57,9 % құрады.

2019 жылы жеке инвестициялар – 262,8 млн.теңге *(жалпы көлемнің 35,5%)* немесе өткен жылға 155,1% *(169,4 млн. теңге )*, 2019 жылы физикалық индекстің нақты көлемі – 150,8% құрады.

**Кәсіпкерлікті дамыту**

2020 ж. 01.01. жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 712 бірлік немесе тіркелгендер санының 95% құрады және 2018 жылға 106,4% (*662 бірлік*) құрады.

Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 1 340 адам, немесе қаланың экономикалық белсенді халқының 17,2% (*Приозерск қаласының экономикалық белсенді халқының саны -7807 адам*) және 2018 жылға 101% (*1 326 адам*) құрады.

Шағын және орта бизнеспен шығарылға өнім көлемі 703 млн.теңгені құрады немесе 2018 жылға 102,9% *(683 млн. тг)* құрады.

2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай



кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша 2019 жылы 34,4 млн.теңгеге 8 шағын несие берілді. «Бастау Бизнес» - 135 адам «Іскерлік байланыстар» - 2 адам және «Бизнес кеңесші» жобалары - 10 адам бойынша оқытылды.

**Бөлшек тауар айналымы**

Бөлшек тауар айналымының көлемі 2019 ж. - 2 087,84 млн. теңге немесе жоспарға 102,8% және өткен жылға 106,4% *(2018 ж.-1 962,4 млн. теңге)* құрады. 2019 жылы физикалық индекстің нақты көлемі 100 % құрады.

2019 жылы көтерме сауда көлемі 1 523,45 млн.теңгені немесе 2018 жылға 204,8% *(743,8 млн. теңге)* құрады.

**Ауыл шаруашылығы**

Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі – 193,5 млн.теңге немесе 2018 жылға *(152,4 млн. теңге)* 127% құрады. 2019 жылы физикалық индекстің нақты көлемі 105,7% құрады.

